

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 1246 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 747 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 747 Қаулысымен

"Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жергілікті атқарушы органдардың басшылары бір ай мерзімде Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары Жоспарда белгіленген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жыл сайын, 20 маусым мен 20 желтоқсаннан кешіктірмей, Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы а қ п а р а т б е р с і н .

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын, 30 маусым мен 30 желтоқсаннан кешіктірмей, Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат б е р с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2008 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1246 қаулысымен

бекітілген

**Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010
жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар, (мың тт.)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
	Мемлекеттік басқару, заң шығару, іс қағаздарын жүргізу салаларында, Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметте мемлекеттік тілді дамыту					
1.	Қазақстан Республикасының көрнекі ақпаратының жай-күйін зерделеу бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2009 жылғы 30 маусым	Барлығы: 3000 оның ішінде: 2009 ж. - 3000	Республикалық бюджет
2.	Халықаралық қызметте, мемлекеттік басқару саласында, прокуратура, қорғаныс органдарында, Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету	МАМ-ға ақпарат	БП (келісім бойынша) Қорғанысмині, ПМ, СІМ	Жыл сайын 20 маусым, 20 желтоқсан	Талап етілмейді	
3.	Мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру	МАМ-ға ақпарат	Орталық атқарушы органдар	Жыл сайын 20 маусым, 20 желтоқсан	Барлығы: 641 168 оның ішінде: 2009 ж. - 315 095 2010 ж. - 326 073	Республикалық бюджет
Білім беру						

және тілдерді
оқыту
саласындағы
тілдік дамыту

4.	Жалпы білім беретін мектептерге ағылшын тілінің шетелдік оқытушыларын тартуды қамтамасыз ету	МАМ-ға ақпарат	БҒМ (жинақтау) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын 20 маусым, 20 желтоқсан	Барлығы: 4 126 720 оның ішінде: 2009 ж. - 2 063 360 2010 ж. - 326 360	Жергілікті бюджет
5.	Қазақ тілін білу деңгейін бағалау бойынша ҚАЗТЕСТ жүйесін жетілдіру	МАМ-ға ақпарат	БҒМ	Жыл сайын 20 маусым, 20 желтоқсан	Барлығы: 96 811 оның ішінде: 2009 ж. - 45 845 2010 ж. - 50 966	Республикалық бюджет
6.	Қазақ тілінің мұғалімдерін даярлауды қамтамасыз ету	МАМ-ға ақпарат	БҒМ	Жыл сайын 20 маусым, 20 желтоқсан	Барлығы: 261 612 оның ішінде: 2009 ж. - 118 352 2010 ж. - 143 260	Республикалық бюджет
7.	Қазақ тілінде балаларға арналған анимациялық және көркем фильмдер шығару	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 424 000 оның ішінде: 2009 ж. - 212 000 2010 ж. - 212 000	Республикалық бюджет
8.	Республикалық ұлттық-мәдени бірлестіктердің жексенбілік мектептерінде мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 20 278 оның ішінде: 2009 ж. - 9 749 2010 ж. - 10 529	Республикалық бюджет
9.	Ұлттық-мәдени бірлестіктердің жексенбілік мектептері	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым,	Барлығы: 26 898 оның ішінде: 2009 ж. -	

	арқылы ұлттық тілдерді дамытуға мемлекеттік колдау көрсету			3 0 желтоқсан	12 932 2010 ж. - 13 966	Республикалық бюджет
10.	Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа, баламалы, неғұрлым жетілдірілген, сапалы бағдарламаларын әзірлеуді және жасауды жүзеге асыратын мамандарды ынталандыру жөнінде іс-шаралар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 желтоқсан	Барлығы: 13 175 оның ішінде: 2009 ж. - 6 334 2010 ж. - 6 841	Республикалық бюджет
Тілдік дамуды ғылыми қамтамасыз ету						
11.	Мемлекеттік қызметшілерге қазақ және ағылшын тілдерін жеделдетіп оқытуға арналған жалпы пайдаланылатын қағидалық сөздіктер, оқулықтар, оқу бағдарламалары мен жоспарлар, әдістемелік құралдар, интерактивті оқыту жүйесін, инновациялық-әдістемелік бейнесабақтар әзірлеу және шығару	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 757 469 оның ішінде: 2009 ж. - 419 440 2010 ж. - 338 029	Республикалық бюджет
12.	Қазақстан Республикасының ономастикалық атауларын ретке келтіру жөніндегі жұмыстарды жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 49 338 оның ішінде: 2009 ж.- 23 720 2010 ж.- 25 618	Республикалық бюджет
13.	Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуге ықпал ететін "Балапан" көркем журналын шығаруды жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 16 286 оның ішінде: 2009 ж. - 7 830 2010 ж. - 8 456	Республикалық бюджет
14.	Мемлекеттік және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту проблемалары бойынша	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым,	Барлығы: 7 887 оның ішінде: 2009 ж. - 3 792	Республикалық бюджет

	әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізу			3 0 желтоқсан	2010 ж. - 4 095	
15.	Тілдерді дамытудың өзекті проблемалары, тілдік орта құру, қазақ терминологиясын жасау, көне түрік жазбалары күндерін өткізу жөнінде республикалық (өңірлік) ғылыми-практикалық конференциялар, семинар-кеңестер, конференциялар, " дөңгелек үстелдер" өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 88 577 оның ішінде: 2009 ж. - 42 585 2010 ж. - 45 992	Республикалық бюджет
16.	"Тілдарын" республикалық олимпиадасын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 желтоқсан	Барлығы: 3 975 оның ішінде: 2009 ж. - 1 911 2010 ж. - 2 064	Республикалық бюджет
17.	Славян жазбалары күндерін өткізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым	Барлығы: 4310 оның ішінде: 2009 ж. - 2 072 2010 ж. - 2 238	Республикалық бюджет
18.	Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссиясының жұмысын жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Талап етілмейді	
19.	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының бюллетеньдерін шығаруды жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 7 752 оның ішінде: 2009 ж. - 3 727 2010 ж. - 4 025	Республикалық бюджет
20.	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 4 786 оның ішінде: 2009 ж. - 2 301 2010 ж. - 2 485	Республикалық бюджет

21.	Мемлекеттік терминология комиссиясы жанындағы 30 салалық бағыт бойынша жұмыс топтарының іс-шараларын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 41 732 оның ішінде: 2009 ж. - 20 544 2010 ж. - 21 188	Республикалық бюджет
22.	Мемлекеттік тілде топографиялық карталарды дайындау және шығару	М А М-ға ақпарат	Ж Р А	Жыл сайын 20 маусым, 20 желтоқсан	Барлығы: 581 410 оның ішінде: 2009 ж. - 278 187 2010 ж. - 303 223	Республикалық бюджет
23.	Тілдерді дамыту, терминология және ономастика мәселелері бойынша тұрақты түрде жұмыс істейтін сараптамалық топтың отырыстарын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 1 565 оның ішінде: 2009 ж. - 753 2010 ж. - 812	Республикалық бюджет
24.	"Тіл және қоғам" альманахын шығаруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 11434 оның ішінде: 2009 ж. - 5 497 2010 ж. - 5 937	Республикалық бюджет
Мәдениет пен бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салаларында тілдік дамыту						
25.	Қазақстан халқы тілдерінің XI-XII республикалық фестивалін өткізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 30 желтоқсан	Барлығы: 13 670 оның ішінде: 2009 ж. - 6 572 2010 ж. - 7 098	Республикалық бюджет

26.	"Мемлекеттік тіл және БАҚ" республикалық конкурсын өткізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым	Барлығы: 13 139 оның ішінде: 2009 ж. - 6 317 2010 ж. - 6 822	Республикалық бюджет
27.	Мемлекеттік және Қазақстан халқы тілдерін насихаттау бойынша республикалық конкурстар өткізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 83 200 оның ішінде: 2009 ж. - 40 000 2010 ж. - 43 200	Республикалық бюджет
28.	Мемлекеттік тілді оқытуға бағытталған теле-, радиохабарлар қазақ тілінде жастарға, балаларға арналған бірегей бағдарламалар дайындауды және трансляциялауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 601 990 оның ішінде: 2009 ж. - 302 495 2010 ж. - 299 495	Республикалық бюджет
29.	Этникалық мерзімді басылымдарда мемлекеттік тілді оқытуға бағытталған арнайы жолдар ашуды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 27 000 оның ішінде: 2009 ж. - 12 000 2010 ж. - 15 000	Республикалық бюджет
30.	Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін басып шығаруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 1 467 559 оның ішінде: 2009 ж. - 705 557 2010 ж. - 762 002	Республикалық бюджет
31.	"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты" атты жарнамалық-имидждік (роликтер жасауды және эфирге шығаруды қамтамасыз ету	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 желтоқсан	Барлығы: 6 843 оның ішінде: 2009 ж. - 3 290 2010 ж. - 3 553	Республикалық бюджет
	Ақпараттандыру және байланыс, көлік және коммуникация, сауда,					

32.	денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету, анықтамалық-ақпараттық қызмет салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету	МАМ-ға ақпарат	АБА, ККМ, ИСМ, ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын 20 маусым, 20 желтоқсан	Талап етілмейді	
33.	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының тілдерін дамытудың ақпараттық жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 355 147 оның ішінде: 2009 ж. - 355 147	Республикалық бюджет
34.	Халықаралық тәжірибені жүйелі зерделеу және Қазақстанға енгізу үшін Қазақстанның ЕО елдерімен тіл саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастық орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ, СІМ	2009 жылғы 30 желтоқсан	Барлығы: 71 309 оның ішінде: 2009 ж. - 35 909 2010 ж. - 35 400	Республикалық бюджет
					2009 ж. - 5 066 313	
					2010 ж. - 4 763 727	
	Барлығы:				9 830 040	

Е с к е р т у :

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

